

ISSN 2518-1467 (Online),  
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

# Х А Б А Р Ш Ы С Ы

---

---

## ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ  
НАУК РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН  
Қазақстан Республикасының  
педагогикалық университетінің  
Абая

## THE BULLETIN

THE NATIONAL ACADEMY OF  
SCIENCES OF THE REPUBLIC OF  
KAZAKHSTAN  
Abai Kazakh National Pedagogical  
University

PUBLISHED SINCE 1944

3 (397)

MAY – JUNE 2022

---

ALMATY, NAS RK

---

## **БАС РЕДАКТОР:**

**ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы**, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

## **БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ:**

**БИЛЯЛОВ Дархан Нұрланұлы**, PhD, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 2**

## **ҒАЛЫМ ХАТШЫ:**

**ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 2**

## **РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 5**

**САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **Н = 4**

**ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **Н = 2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **Н = 4**

**СЕМБИЕВА Ләззат Мықтыбекқызы**, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **Н = 3**

**БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 2**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **Н = 2**

**ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна**, экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген

**№ 16895-Ж** мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2022

Типографияның мекен-жайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Мұратбаев көш., 75.

## ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

**ТУЙМЕБАЕВ Жансент Кансеитович**, доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

## ЗАМЕСТИТЕЛЬ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА:

**БИЛЯЛОВ Дархан Нурланович**, PhD, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального педагогического университета им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 2**

## УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:

**АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна**, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 2**

## РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

**САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович**, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **Н = 5**

**САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович**, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **Н = 4**

**ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна**, доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **Н = 2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич**, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **Н = 4**

**СЕМБИЕВА Лязгат Мыктыбековна**, доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна**, доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **Н=3**

**БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна**, доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович**, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **Н=2**

**ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна**, доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

**«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Собственник: ООО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).  
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2022

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75.

#### **EDITOR IN CHIEF:**

**TUIMEBAYEV Zhansait Kanseitovich**, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

#### **DEPUTY CHIEF DIRECTOR:**

**BILYALOV Darkhan Nurlanovich**, Ph.D, Honorary Member of NAS RK, Rector of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

#### **SCIENTIFIC SECRETARY:**

**ABYLKASYMOVA Alma Yessimbekovna**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

#### **EDITORIAL BOARD:**

**SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich**, Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

**SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich**, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

**LUKYANENKO Irina Grigor'evna**, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

**SHISHOV Sergey Evgen'evich**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 4**

**SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova**, Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

**ABILDINA Saltanat Kuatovna**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

**BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarin (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

**RYZHAKOV Mikhail Viktorovich**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

**YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna**, Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**.

#### **Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications

of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2022

Address of printing house: ST «Aruna», 75, Muratbayev str, Almaty.

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ISSN 1991-3494

Volume 3, Number 397 (2022), 360-378

<https://doi.org/10.32014/2022.2518-1467.323>

ӘОД 1082

**А.Б. Пиязбаева**

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан.

E-mail: [aqmaral.piyazbay@tilbilimi.kz](mailto:aqmaral.piyazbay@tilbilimi.kz)

### **ЭКОНОМИКАЛЫҚ САНА МЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОЙЛАУ: ӨЗАРА БАЙЛАНЫС ДИАЛЕКТИКАСЫ**

**Аннотация.** Экономикалық сана – қоғамдық сананың жүйелі құрамдас бөлігі, әлеуметтік тұрғыдан қалыптасқан адамның экономикалық қатынастарының психикалық көрінісінің жоғары деңгейі. Қоғамдық сананың ішкі жүйесіне психологтар мен әлеуметтанушылар экономикалық санаға жете көңіл аударған жоқ, тіпті сана құрылымын талдаған кезде де оған тоқталып жатқандар жоқтың қасы болды. Осының салдарынан қоғамдық сананың түрлері, оның ішінде экономикалық сана тақырыбында тіл білімінде, гуманитарлық салаларда теориялық дефицит пайда болды. Осы жағдайды ескере отырып, бүгінгі күні біз, пайда болған дефициттің орнын толтыруымыз қажет. Оның өзіндік бірнеше себептері бар: біріншіден, тарихи үдерістегі экономикалық қызметтің қарқыны мен сипатының өзгеруі экономикалық сананың өзгеруіне, жаңа тәуелсіз сананың қалыптасуына әкеледі. Екіншіден, қоғамдық сананың ішкі элементі бола тұрып, экономикалық сана оның құрылымына әсер ете алады. Ол – тарихи, саяси, құқықтық, діни санаға, тіпті эстетикалық санаға әсер етеді және жымдасып байланысады. Үшіншіден, экономикалық сана халықтың, жекелеген топтардың, ұлттардың, олардың өкілдерінің экономикалық әрекетінен, мінез-құлқынан көрінеді, өзгереді, дамиды, өседі.

Мақалада экономикалық сана мен экономикалық ойлауға анықтама беріледі, оларың өзіндік белгілері анықталып, сипатталады. Сонымен қатар, экономикалық сана мен экономикалық ойлаудың өзара байланысын анықтаудың онтологиялық, гносеологиялық, әлеуметтік тәсілдері көрсетіледі.

Мақаланы жазу барысында біз, мына міндетті алға қойдық: адамның экономикалық өмірінің тәуелсіз феномені ретінде экономикалық сана мен экономикалық ойлаудың жалпы көрінісін беру, оның табиғаты мен диалектикасын көрсету. Зерттеу нәтижесінің әлеуетті тұтынушылары – лингвистер, әлеуметтанушылар, психологтар, экономикалық саясат саласындағы ғалымдар мен мамандар, саясаттанушылар, магистранттар, докторанттар, студенттер, сонымен қатар журналистер.

**Түйін сөздер:** экономикалық ойлау, экономикалық сана, гносеологиялық тәсіл, әлеуметтік тәсіл, онтологиялық тәсіл, қоғамдық сана.

**А.Б. Пиязбаева**

Институт языкознания им. А. Байтурсынова, Алматы, Казахстан.

E-mail: [aqmaral.piyazbay@tilbilimi.kz](mailto:aqmaral.piyazbay@tilbilimi.kz)

## **ЭКОНОМИЧЕСКОЕ СОЗНАНИЕ И ЭКОНОМИЧЕСКОЕ МЫШЛЕНИЕ: ДИАЛЕКТИКА ВЗАИМОСВЯЗИ**

**Аннотация.** Экономическое сознание-системная составляющая общественного сознания, высокий уровень психического проявления экономических отношений социально сформировавшегося человека. На подсистему общественного сознания психологи и социологи не обращали должного внимания, и даже при анализе структуры сознания не было никаких упоминаний о ней. Вследствие этого возник теоретический дефицит в языкознании, гуманитарных областях по видам общественного сознания, в том числе по теме экономического сознания. Учитывая эту ситуацию, сегодня мы должны компенсировать возникший дефицит. У него есть несколько причин: Во-первых, изменение темпов и характера хозяйственной деятельности в историческом процессе приводит к изменению экономического сознания, формированию нового независимого сознания. Во-вторых, будучи внутренним элементом общественного сознания, экономическое сознание может влиять на его структуру. Он оказывает влияние и соприкасается с историческим, политическим, правовым, религиозным сознанием и даже эстетическим сознанием. В-третьих, экономическое сознание проявляется, изменяется, развивается, растет в экономической деятельности, поведении населения, отдельных групп, национальностей, их представителей.

В статье дается определение экономического сознания и экономического мышления, выявляются и описываются их специфические черты. При этом указываются онтологический, гносеологический, социальный

подходы к определению взаимосвязи экономического сознания и экономического мышления.

В процессе написания статьи мы поставили перед собой задачу: дать общую картину экономического сознания и экономического мышления как самостоятельного феномена хозяйственной жизни человека, показать его природу и диалектику. Потенциальными потребителями результатов исследования являются лингвисты, социологи, психологи, ученые и специалисты в области экономической политики, политологи, магистранты, докторанты, студенты, а также журналисты.

**Ключевые слова:** экономическое мышление, экономическое сознание, гносеологический подход, социальный подход, онтологический подход, общественное сознание.

**A. Piyazbayeva**

A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: [aqmaral.piyazbay@tilbilimi.kz](mailto:aqmaral.piyazbay@tilbilimi.kz)

## **ECONOMIC CONSCIOUSNESS AND ECONOMIC THINKING: THE DIALECTIC OF INTERCONNECTEDNESS**

**Abstract.** Economic consciousness is a systematic component of public consciousness, a high level of mental manifestation of socially formed economic relations of a person. Psychologists and sociologists have not paid much attention to the internal system of public consciousness, and even when analyzing the structure of consciousness, there are almost no people who focus on it. As a result, there is a theoretical deficit in linguistics and humanitarian fields on the topic of types of public consciousness, including economic consciousness. Given this situation, today we need to compensate for the resulting deficit. It has several reasons of its own: first, a change in the pace and nature of economic activity in the historical process leads to a change in economic consciousness, the formation of a new independent consciousness. Secondly, being an internal element of public consciousness, economic consciousness can influence its structure. It affects and communicates historical, political, legal, religious, and even aesthetic consciousness. Third, economic consciousness manifests itself in the economic activity, behavior of the population, individual groups, nations, and their representatives, changes, develops, and grows.

The article defines economic consciousness and economic thinking, identifies and describes their specific features. In addition, ontological,

gnoseological, and social approaches to determining the relationship between economic consciousness and economic thinking are shown.

In writing the article, we set the following task: to give a general picture of economic consciousness and economic thinking as an independent phenomenon of human economic life, to show its nature and dialectics. Potential consumers of the research result are linguists, sociologists, psychologists, scientists and specialists in the field of economic policy, political scientists, undergraduates, doctoral students, students, as well as journalists.

**Key words:** economic thinking, economic consciousness, gnoseological approach, social approach, ontological approach, social consciousness.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің OR 11465483 «Мемлекеттік тілді латын графикалы ұлттық әліпбиге көшіруді қамтамасыз ететін жаңартылған нормативтік сөздіктер мен академиялық басылымдар сериясын әзірлеу» атты бағдарламалық-нысаналы жоба аясында дайындалды.

**Кіріспе.** Соңғы жиырма жылдықта отандық зерттеушілердің назарынан тыс қалып қойған экономикалық сана проблематикасы қазіргі таңда, әлемдік экономика қарқындап дамыған заманда өте өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Оның басты себебі: экономика жәй ғана ғылым, тұрмыс-тіршілік саласы ғана емес, ол – бүгінгі таңда кез келген қазақстандықты толғандыратын ең маңызды салалардың біріне айналып үлгерді. Қазіргі экономикалық сананың қалыптасуы мен дамуын, оның құрылымын, заңдылықтарын терең түсінбей жатып, еліміздің экономикалық жағдайын түзету, дамыту жөнінде макроэкономикалық тұжырымдама әзірлеу, қазіргі экономикалық саясатты әлемдік тәжірибеге сүйене отырып жаңғырту мүмкін емес. Экономикалық сана әрбіріміздің күнделікті тұрмыс-тіршілігімізде белгілі бір дәрежеде көрініс табады, ол барлығымызға да тән. Біздің әрқайсымыз өндіруші, тұтынушы, ұйымдастырушы, сатушы, жалдаушымыз, яғни бәріміз де шаруашылық жүргізуші субъектілер болып табыламыз. Сондықтан адам экономикалық санадан тыс өмір сүре алмайды. Біздің зерттеуіміздің ғылыми жаңалығы да осында, зерттеуде оқырман экономикалық сана деген не, оның құрылымы, заңдылықтары қандай, экономикалық ойлау дегеніміз не деген сынды сұрақтарға жауап алады. Сондай-ақ экономикалық сана мен экономикалық ойлаудың өзара байланысын анықтаудың негізгі тәсілдері, атап айтқанда, онтологиялық, гносиологиялық, әлеуметтік тәсілдер туралы ғылыми ақпар алады.

Ұсынылып отырған ғылыми мақаланың теориялық және әдіснамалық



негізін әлемдік экономикалық даму контекстіндегі қазіргі заманғы экономиканың даму ерекшеліктеріне философиялық түсінік беру идеясын қисынды жалғастырушылардың: атап айтқанда, «Экономическая диалектика человека: История. Теория. Методология» (1994), К.П. Стожконның «Экономический гуманизм в России» (1995); К.П. Стожконның «Принципы экономического гуманизма» (1996); Н. В. Каменских пен К.П. Стожконның «Русское хозяйство: (1999); А.П. Ветошкин мен К.П. Стожконның «Философия экономики» (2001) т.б. еңбектері, сондай-ақ сана мен іс-әрекеттің бірлік принципі (А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубенштейн т.б.), сана теориясы (Г.В. Акопов, А. Ганзен т.б.), экономикалық сана және оның құрылымдық компоненттері (А.Л. Журавлев, Н.А. Журавлева, В.П. Позняков, В.А. Хащенко.) тағы басқа еңбектер құрайды. Алынған нәтижелер мен қорытындылар экономикалық сана мәселелері бойынша ғылыми білімді тереңдетуге және кеңейтуге ықпал ететіндігінде, сондай-ақ «экономикалық социология», «экономикалық психология», «лингвоэкономика» ғылым салаларын оқытуда пайдаланылуы мүмкін. Зерттеу нәтижесінің әлеуетті тұтынушылары – лингвистер, әлеуметтанушылар, психологтар, экономикалық саясат саласындағы ғалымдар мен мамандар, саясаттанушылар, магистранттар, докторанттар, студенттер, сонымен қатар журналистер.

**Материалдар мен негізгі әдістер.** Экономикалық санаға қатысты кейбір мәселелер ХХ ғасырдың басында орыс тіл ғылымында С.Н. Булгаков, И.А. Ильин, П.А. Флоренский, В.С. Соловьев, сондай-ақ шетел тіл ғылымында М. Вербер, В. Зомбарт, Й. Шумпетер сынды ғалымдардың еңбектерінде айтыла бастады. А.Ф. Лазурский мен С.Л. Франк жеке тұлғаның экономикалық объектілерге қатынасын зерттеп көруді ұсынды (1912 ж.). Алайда кеңестік дәуірде қоғамдық сананың бір формасы болып табылатын экономикалық сананы жеке алып қарастыру ғылым дамуына еш нәтиже бермейді деп есептелді. Тек өткен ғасырдың 70-80 жылдары А.К. Уледовтың, В.П. Фофановтың, В.К. Драчевтың, В.Д. Поповтың, А.И. Китовтың және т.б. өзге ғалымдардың еңбектерінде экономикалық сананың бар екені туралы тезис дәлелденді және оны зерттеудің қажеттілігі негізделді. ХХ – ХХІ ғасырлардың тоғысында Ресей тіл ғылымы мен шетелде экономикалық сана мәселелеріне арналған көптеген теориялық және эмприкалық еңбектер жарық көре бастады. Осы тұста орыс ғалымдары В.С. Автономовтың, Т.С. Орлованың, американдық зерттеушілер У. Беллдің, М. Вуджоканың, Дж. Гелбрейттің, Ф. Махлупаның, П. Хейненің және француздық ғалымдар Р. Бараның, С. Лангердің еңбектерінде экономикалық сананың кәсіпкерлік, басқару, шығармашылық т.б. түрлері анықталып,

олардың маңызды ерекшеліктері талданды. Осы кезде Л.С. Барисова, В.Э. Бойко, Т.В. Дробышева, А.Л. Журавлев, Н.А. Журавлева, Т.И. Заславская, С.В. Ковалев, А.Б. Купрейченко, В.П. Позняков, Р.В. Рывкин, Ж.Т. Тощенко, А.В. Филиппов, В.А. Хащенко, Е.С. Шибанова, Е.В. Шорохов т.б. сынды психолог-ғалымдардың еңбектері экономикалық сананы психологиялық тұрғыдан зерттеуге айтарлықтай үлес қосты. Мұндай психологиялық зерттеулер экономикалық сананың қалыптасу механизмдеріне, құрылымдық компоненттері мен олардың қызметтерін сипаттауға қызығушылықтан туындады. Дегенмен осыншама көптеген зерттеулердің жарыққа шығуына қарамастан, әлеуметтік-экономикалық қатынастарға байлаулы адамдардың экономикалық санасы аз зерттелген объект болып қалып отыр. Қазіргі таңда ғалымдардың қызығушылығы негізінен экономикалық сананың жекелеген компоненттері – жеке тұлғаның ақшаға, байлыққа, кедейлікке, меншікке қатынасын зерттеуге бағытталған.

Ал, қазіргі экономикалық ойлау туралы ғылыми зерттеулерді Г. Беккер, П. Хейне, Л.С. Бляхман, А.Ю. Архипов, А.В. Артемьев, Е.Ф. Борисов, Г.С. Вечканов, Д.В. Валов, В.М. Соколинский, В.Е. Корольков, А.Г. Грязнова, К. Абдурахмонов, Н. Зокирова сынды ғалымдардың еңбектерінен көруге болады.

Зерттеудің гипотезасы: экономикалық сананың құрылымдық-мазмұндық ерекшеліктері экономикалық ойлаумен тығыз байланыстылығы. Қойылған гипотезаны тексеру үшін келесі зерттеу әдістері:

- зерттеу мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттерді талдау және жалпылау;

- экономикалық сана мен экономикалық ойлаудың өзара байланысын талдаудың онтологиялық, гносиологиялық, социологиялық тәсілдері қолданылды.

**Нәтижелер.** Адам баласы дүниеге келген сәтінен бастап, өмірінің соңына дейін шаруашылық, экономикалық қатынастардың субъектісі болып табылады. Адам өз әрекеттерін ынталандыра отырып, саналы өмір сүреді. Сананың арқасында ол болашаққа жоспар құрады, уақытты тиімді пайдаланады, өмірін реттейді. Экономикалық білімін күшейту, әлеуметтік-экономикалық қызметтерді пайдалану, әлеуметтік қажеттіліктерді өтеу арқылы қоғамның мүшесі болу, өз тауашасын табу кез келген ақыл иесі адамға тән экономикалық сананың функциясы. Экономикалық сана – қоғамдық сананың ерекше формасы. Қоғамдық сана ұғымы ХІХ ғасырдың соңында этнопсихологтардың зерттеулерінен және гегельдік философиядан бастау алды. И. Гарднер, Г. Шпет зерттеулерінен кейін әлеуметтану ғылымында алғаш рет

«қоғамдық сана» ұғымы қалыптасты (Тарасов, 2000:120). 1893 жылы этнопсихолог ғалым Э. Дюркгейм "De la division du travail social" атты зерттеуінде: «Қоғамдық сана – бұл белгілі бір қоғам мүшелерінің ортақ наным-сенімдері мен сезімдерінің жиынтығынан туындайтын бірдей түсініктердің жүйесі. Қоғамдық сана – бұл дара тұлғалардың әсіре жоғары түсініктердің ғана жиынтығы емес, қоғамдық санада әртүрлі білім аясында танылған түсініктердің көрінісі бірегейлікке айнала алады. Сондықтан қоғамдық сананың қалыптасуының архаикалық кезеңдері болады», -деп жазады(Ушакова, 2004:156). Демек, қоғамдық сана– бұл көпшіліктің рухани құралына айналған сана. Ол әртүрлі әлеуметтік қауымдастықтардың өмір сүру процесінде пайда болатын адамдардың әлемге және өздеріне деген қатынастарының рухани тәсілдерінің жүйесі, қоғамның өзінің қоғамдық болмысын және қоршаған ортаны түйсінудің (осознание) нәтижесінде пайда болатын қоғамдағы әр түрлі пікірлердің, теориялардың, идеялардың, діни сенімдердің жиынтығы. Жалпы сана екі түрлі формада: рефлексиялық түрде және белсенді шығармашылық қабілет түрінде көрініс табады. Сана мидың айналадағы объективтік шындықты бейнелеуінен туады, яғни оған адам өмірінде кездесетін басты психологиялық үдерістер: *таным* үдерістері – түйсік, қабылдау, *зейін, елес*, ес, қиял, ойлау мен сөйлеу; эмоциялық үдерістер – адамның көңіл-күйі түрлі сезімдері; ерік үдерістері — алға қойған мақсаттарына ұмтылысы, талпынысы және соған байланысты әрекет жасауы жатады (Жантану атауларының сөздігі, 2006:384). Әлеуметтану ғылымында қоғамдық сананың бірнеше түрлері (элементтері) бар. Қоғамдық сананың түрлері деп – адам санасында объективті әлем мен әлеуметтік болмыстың көрініс беруінің түрлі формалары түсініледі. Қоғамдық сананың ядросы келесі элементтерден тұрады: эстетикалық сана, діни және атеистік сана, тарихи сана, саяси сана, адамгершілік сана, құқықтық сана, экономикалық сана. Қоғамдық сананың ядросындағы осы дүниеліктер сақталып, өзгермей тұрса, онда сол ұлт, қоғам өміршең болады (Уәли, Фазылжанова, 2009:10). Біз зерттеу нысаны етіп алып отырған экономикалық сана да осы қоғамдық сананың ерекше формасы, ажырамас бөлігі.

Экономикалық сана - ең алдымен экономикалық ақиқатты көрсететін және белгілі бір тарихи сәтте қоғамның экономикалық өмірінің әртүрлі құбылыстарына қатысын білдіретін экономикалық қатынастардың, экономикалық теориялар мен білімдердің, әлеуметтік қажеттіліктердің, идеялардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің көзқарастарының жиынтығынан тұрады. Ол белгілі бір тарихи жағдайларға байланысты әлеуметтік тәртіпті, экономиканы, өнеркәсіп экономикасын, ауыл

шаруашылығы экономикасын, экономикалық-математикалық модельдерді, экономикалық саясатты, экономикалық еркіндікті, экономикалық дағдарыстарды, экономикалық плюрализмді және т.б. сияқты әлеуметтік құбылыстарды түсіну қажеттілігінің негізінде пайда болды (Базилевич, 2011). Ол мемлекеттік органдардың экономикалық саясатында көрініс табады, бүкіл қоғамдық өмірді экономикалық ұйымдастыру қағидаттарында көрінеді, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметінде жүзеге асады. Енді осы экономикалық сананы қалыптастырудың маңызы неде?-дейтін болсақ, оны қалыптастырудың және дамытудың бірнеше маңызды себептерін атап көрсетуге болады: біріншіден, экономикалық сананың экономикалық қатынастармен шарттасу сипатын және оларды практикалық іске асыру формаларын түсіну және сапалық-сандық талдау үшін маңызды; екіншіден, оның экономикалық практикадағы орны; үшіншіден, оның трансформациялық қызметтегі рөлі маңызды. Экономикалық сана нақты тарихи жағдайлардың әсерінен қалыптасады және болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді түсінудің объективті қажеттілігімен анықталады. Экономикалық сананың екі: эмпирикалық және теориялық деңгейлері ажыратылады. Эмпирикалық немесе тұрмыстық деңгейі – қарапайым экономикалық білім, дүниетаным, өмірлік тәжірибе ретінде күнделікті өмірде көрінеді. Ал, теориялық деңгейі – ғылыми білім арқылы экономикалық заңдарда, категорияларда, идеяларда көрініс табады. Ол экономика ғылымымен тығыз байланыста болады. Экономикалық сананың осы екі деңгейі де бір-бірімен байланысты және олардың өзара әрекеттесуінен түрлі экономикалық көзқарастар мен бағдарлар туады. Қоғамдағы экономикалық институттардың жүйесі, экономика ғылымының деңгейі, жоғарғы білім беру ұйымдарының жай-күйі мен қағидалары (мысалы, еңбек және капитал нарығы, тұтынушылар нарығы мен тауарлар мен қызмет көрсету салалары, еңбек ресурсы мен халықты жұмыспен қамту саласы, халықтың күнкөріс деңгейі мен әлеуметтік сала) – экономикалық сананың негізгі субстанциялары болып табылады. Қазіргі түсіндірілімде экономикалық сана – экономикалық институттардың дамуына, экономикалық білім беру мен экономика ғылымының жағдайына байланысты анықталатын тұтас рухани білімдердің жүйесін құрайды және ол онтологиялық, гносеологиялық, социологиялық тәсілдер арқылы зерттеледі. Экономикалық сананың бар болмысы, мәні ғылыми танымдар мен әлеуметтік-экономикалық заңдарды саналы түрде пайдалану жөніндегі жүйеленген білімдерге негізделеді (Соколова, 1995:103).

Ұзақ жылдар бойы Кеңес одағының құрамындағы елдерде

экономикалық даму тең болмады. Ресурстардың тапшылығы, тауар дефициті, қызмет көрсету мен жеткізудегі іркілістер әлеуметтік өндірістің даму заңдылығына айналды. Дамыған экономикалық сананың ажырамас маңызды ерекшелігі – жүйелі ойлау, қоғамдық өмірдің барлық артықшылықтары мен қайшылықтарын бірдей көре білу, орын алып жатқан үдерістерге экономиканың біртұтас дамуы тұрғысынан қарау болып табылады. Тәжірибе көрсеткендей, ой-өрістің тар болуы, қысқа мерзімді мақсаттар мен міндеттер қою, ұзақ мерзімді перспективаларды болжай алмау, оларға шектеу қою жағымсыз құбылыстардың туындауына жол береді. Сондықтан да экономикалық сананың стратегиялық түрі қазіргі жағдайда, әсіресе, адамның өмір сүру ортасында, оның табиғатпен байанысты барлық салаларында тікелей немесе жанама туындайтын проблемаларды шешуде аса маңызды.

Қоғамдық ойлау болса, о бастан субъектіге тікелей қатысты туындады. Жалпы ойлау дегеніміз – субъектінің табиғат пен қоғам туралы түйсігінен, оған деген қатынасынан туындайтын объективті шындықтың көрінісі. Ол практикалық және теориялық проблемаларды шешу процесінде дамиды. Ойлаудың негізгі құралы– тіл және таңбалар жүйесі. Бұл жүйелердің элементтерін адам ойлаудың негізгі әрекеттері: абстракциялау, жалпылау, жүйелеу т.б. үшін қолданады. Осылайша, ойлау ғылымда адамның танымдық белсенділігінің ерекше формасы ретінде қарастырылады. Қоғамдағы, әлемдегі жаһандық экономиканың дамуының нәтижесі ретіндегі жетістіктері мен оның сапалы жаңаруын/ жаңғыруын көрсететін экономикалық ұстанымдар мен идеялардың жиынтығын құрайтын барлық элементтер қоғамның экономикалық ойлауы арқылы көрініс табады. Экономикалық ойлаудың қарапайым білімдер жүйесінен басты айырмашылығы – ол экономикалық және әлеуметтік шешімдерді қабылдауда және жүзеге асыруда практикалық тәжірибелерге сүйенетін қоғамдық сананың белсенді элементі ретінде әрекет етуінде. Қазіргі экономикалық ойлауға ғылымилық, міндеттерді қою мен оларды шешудің тиімді жолдарын анықтау, басқарудың оңтайлы тәсілдеріне сүйену, өндірістің қарқындылығын, нәтижелілігін көтеру және экономикалық, әлеуметтік, ғылыми-техникалық үдерістердің өзара қалыпты емес әрекеттесуі кезінде қарқынды, әрі сапалы өсім факторларын тиімді пайдалану қасиеттері тән. Қазіргі экономикалық ойлау қоғамдық өндірістің даму тенденциялары мен перспективаларын, салалардағы, өндірістердегі, кәсіпорындардағы нақты жағдайды дұрыс бағалау, дұрыс шешім қабылдау қабілетінен байқалады. Бүгінгі күні экономикалық ойлауды қалыптастыру экономикалық механизмдерді сапалы жетілдірудің, елдің әлеуметтік-экономикалық

дамуын жеделдетудің, қоғамдық сананы қайта жаңғыртудың маңызды компоненті болып табылады.

Сонымен, қазіргі түсіндірілімде экономикалық ойлау – адамдардың күнделікті өмірінде көрініс беретін байланыстардың, экономикалық қатынастардың негізінде жинақталған тәжірибеден туындаған көзқарастар мен түсініктерді қамтиды (Соколова, 1995:103). Экономикалық ойлаудың туындауына себеп болатын негізгі факторлар мыналар: 1) шаруашылық жүргізуші субъект өз қызметін жүзеге асыратын меншік нысандарының саны; 2) осы субъектпен өзара экономикалық қатынасқа түсетін басқа субъектілердің саны; 3) өзара қатынасқа түсетін субъектілердің көптүрлілігі (әртүрлі меншік нысанындағы кәсіпорындар, банктер, инфестицилық қорлар т.б.); 4) байланыстардың қарқындылығы, алауан түрлілігі және сапалық ерекшелігі; 5) байланыстардың бағыты мен күші және т.б. Экономикалық ойлауды қалыптастыратын факторлардың маңызы неғұрлым зор болатын болса, соғұрлым субъект экономикалық қатынасатарға, экономикалық тәжірибеге жеңіл енеді. Нәтижесінде экономикалық ойлаудың компоненттері объективтеніп, уақыт өте келе, экономикалық сананың құрамдас бөлігіне айналады. Экономикалық ойлаудың қайшылықсыздығы, дәйектілігі, қисындылығы, ойға қонымдылығы белгілі бір дәрежеде қоғамдағы экономикалық сана мәнімен детерминацияланады. Дей тұрғанмен, экономикалық ойлау отандық экономиканы дамытудың жекелеген, ұжымдық, қоғамдық тәжірибесінен құрала отырып, тікелей практикалық тәжірибенің көрінісі ретінде эмпирикалық түрде өмір сүреді. Қазіргі экономикалық ойлаудың қалыптасуы орныққан стереотиптерді еңсеруден басталады. Бұл үдерісте көптеген қиындықтар кездеседі. Олардың ішіндегі ең негізгісі – инерция күші. Қазіргі өзгерген экономикалық және әлеуметтік жағдайындағы мұндай ескі көзқарастар мен түсініктер өткен жылдардағы тәжірибенің қалдығы (Абалкин, 1987:17). Социологиялық зерттеулердің нәтижесі экономикалық ойлау барлық экономикалық білімдерді тұтастай емес, оның ішінде көбінесе тәжірибеге қатысты білімдерді ғана айналымға түсіретінін көрсетті. Мұндай білімдер адамдардың экономикалық мүддесіне, экономикалық дамудың объективті факторларына, қоғамдағы экономикалық сананың деңгейіне, жұмысшылардың экономикалық өзгерістер мен төңкерістерге қатысуына байланысты туындайды. Американдық экономист Пол Хейненің (1931-2000) пайымдауынша, экономикалық ойлаудың төрт түрлі ерекшелігі бар: 1) адамзаттың таңдауы; 2) тек қана жекелеген тұлғалардың таңдауы; 3) индивидтердің рационалды таңдауы; 4) барлық қоғамдық қатынастарды нарықтық үдерістер ретінде түсіндіру (Хейне, 1991: 37). Экономикалық ойлаудың

бастапқы сипаты экономикалық іс-әрекетке негізделген пайда мен шығындарды калькуляциялау болып табылған. Яғни, адамдар өздерінің жеке мақсаттары мен мүдделерін көздейді, бір-бірінің іс-әрекетіне бейімделеді, меншік құқығы олардың өз мүддесі үшін қандай таңдау жасайтынын анықтайды. П. Хейненің пікірінше, адамдар өздеріне пайда әкелетін әрекеттерге ғана барады. Жасалған таңдаудың экономикалық негіздемесі неғұрлым күшті болса, соғұрлым шешімнің ұтымды болу ықтималдығы жоғары болады.

Қоғамның экономикалық санасын зерттей келе біз, оның бірнеше типін анықтадық: Е. Барисов экономикалық ойлауды тұрмыстық және ғылыми деп екіге бөледі (Барисов, 2008). А. Архипова мен Р.П. Чапцовсов шығыс және батыстық тип деп бөледі (Архипов, 1999). С.Н. Ивашковский экономикалық ойлаудың кәсіпкерлік түрін қарастырады (Ивашковский, 2008). В.М. Кузнецов жұмысшылардың экономикалық ойлауын өз алдына дербес зерттейді (Кузнецов, 1985). Экономикалық ойлаудың түрлері қоғамның тіршілік ету болмысының формаларына, экономикалық реалийлерге, экономикалық қатынастарға сәйкес келеді. Біз өз зерттеуімізде экономикалық ойлауды келесі түрлерге жіктедік:

- экономикалық ойлаудың тарихи қалыптасқан (географиялық) батыстық және шығыстық түрлері;
- қалыптасу, пайда болу сипатына қарай: эмпирикалық, абстрактілі жән әлеуметтік-экономикалық бағдарланған түрлері;
- өркениеттенген түрі: кәсіпкердің және жұмысшының экономикалық ойлауы;

Енді әрқайсысына жеке-жеке тоқталатын болсақ, экономикалық ойлаудың шығыстық түріне мемлекеттік деңгейдегі ойлау, ал батыстық түріне нарықтық ойлау жатады. Қалыптасу сипатына қарай біз экономикалық ойлаудың эмприкалық, астрактілі, әлеуметтік-экономикалық түрлерін анықтаған болатынбыз. Экономикалық ойлаудың эмприкалық деңгейі тікелей экономикалық әрекет барысында күнделікті тұрмыстағы тәжірибелерге, фактілерге, қоғамның экономикалық өмірінің жағдаяттарына сүйене отырып, солардың негізінде қалыптасады. Бұл деңгей қоғамның өзекті мәселелерін, оның күнделікті тұрмыстағы экономикалық практикасына байланысты туындаған міндеттерін шешуге, соларға қатысты іс әрекеттерді жүзеге асыруға көмектеседі. Көптеген ғылыми еңбектерде абстрактілі экономикалық ойлауға теориялық түрғыдан баса назар аударады. Тұрмыстық деңгейдегі ойлауға қарағанда, ғылыми экономикалық ойлау объективті шындыққа сүйенеді, яғни қоғамды қоршаған дүниеліктерді бәз қалпында беруге ұмтылады. Бұл нақты жағдайды терең түсінуге, экономикалық қызметті бағдарлауға

мүмкіндік береді. Экономикалық ойлаудың теориялық деңгейі қоғамдық өндірістің дамуынан, олардың арасындағы байланыстың күрделенуінен туындайды. Бұл деңгей экономикалық құбылыстардың, экономиканың даму заңдылықтарын, адамзатты қоршаған ақиқатты, оның ішкі байланыстарын, жан-жақтылығын, тереңдігін, толықтығын көрсететін ғылыми түсініктердің, пайымдардың, тұжырымдардың, болжамдардың қалыптасу мәнін түсіндіру үдерісі болып табылады. Экономикалық ойлаудың теориялық деңгейі экономикалық үдерістерді модельдеуге, жекелеген өнеркәсіптердің, кәсіпорындардың, фирмалардың, мемлекеттің экономикалық саясатын құруға және дамытуға, экономикалық дамудың белгілі бір заңдылықтарын шаруашылық жүргізу тәжірибесінде қолдануға мүмкіндік береді. Экономикалық ойлаудың әлеуметтік-экономикалық бағдарланған түрі – бұл мемлекет құрылысының қалыптасу бағыты. Адамзат пен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру, өмір сүру деңгейі мен сапасын жақсарту, экономиканы дамыту осы бағыттың негізгі міндеттері мен құралдары болып табылады. Өз кезегінде экономикалық ойлаудың бұл деңгейінде экономикалық заңдарды елемеуге, оның тиімділігін төмендетуге жол берілмейді. Экономикалық ойлаудың әлеуметтік-экономикалық бағдарланған деңгейі ең алдымен, қоғамның әрбір мүшесін реттеудің түрлі формаларын қолдану арқылы меншік құқығының түрлі формасымен, өмірін сақтандыру кепілдігімен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар тиімді жұмыс істеу үшін жағдай жасайды, жаппай жұмыссыздықтың орын алуына жол бермейді, жұмыс күшінің сапасы мен еңбек нарығында бәсекелестікке қабілеттілігін арттырады, жұмыс күштерін теңестіреді, мүмкіндіктер мен өмір сүру жағдайларын теңестіреді т.б. Мұндағы ең негізгі қозғашу күш ол – мемлекет.

Өркениеттенген түрі: біз кәсіпкер мен жұмысшының экономикалық ойлауын екі бөлек қарастыруымызға болады. Кәсіпкерлік экономикалық ойлаудың ерекше түрі ретінде тұрмыстық тәжірибеде жүзеге асырылатын тұжырымдардың, көзқарастардың, тәсілдердің және қабылданатын шешімдердің жиынтығы болып табылады. Бұл жерде негізгі рөлді кәсіпкер атқарады. Кәсіпкердің экономикалық ойлауы – кәсіпке, өндіріске қатысушы барлық тұлғалардың таңдауы, әрекет ету еркіндігі, кәсіпкер мен тұтынушы арасындағы әрекеттестік, сұраныс пен ұсыныстың өзара үйлесім табуы, дамудың негізгі қозғаушы күші ретінде бәсекелестік, максималды пайда алуға деген ұмтылысы арқылы анықталады. Кәсіпкердің экономикалық ойлауының нарықтық түріне тән негізгі белгілерге – еркіндік, бастамшылдық, жалпы прагматизм, икемділік, бейімділік, догматизм, бәсекелестік жағдайында әрекет ете алу қаблеті т.б. жатады.



Экономикалық ойлаудың табиғаты ең алдымен қоғамдағы әлеуметтік қатынастардың ерекшеліктеріне байланысты анықталады. Қоғамға өнім беру әдісі бұл – экономикалық ойлаудың негізгі типологиялық сипаты ретінде оның мәні мен мазмұнын ашудың, түсінудің басты кілті болып табылатындығын айтып өткеніміз жөн. Түрлі тарихи кезеңдерде жүргізілген реформалардың көп болуы экономикалық ойлаудың түрлерінің пайда болуына, өзіне тән ерекшеліктерінің толығып, өзгеріске ұшырауына әкелді. Қазіргі ТМД елдерінде, экономиканы қайта құру жағдайында экономикалық ойлаудың айтарлықтай өзгеріске түспегендігін байқамаймыз. Себебі бұл елдерде әлі күнге дейін экономикалық ойлау мемлекетке тәуелді коммуналдық, ұжымдық сипатын сақтап келеді.

